



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№5 (5) 20.03.2014

Өнер айнасы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Бүгінде қарыштап дамып келе жатқан заманымызда әр түрлі ақпараттар легі жетерлік. Соның ішінде мәдениет, өнер саласында да ауызға толтырып айтарлықтай жетістіктер көп. Күннен күнге өрісі кеңейіп, ауқымы ұлғаяуда. Біздің басты мақсатымыз - өнер көкжиегіндегі барлық жаңалықтарды қамтымасақ та, елімізде, өнер ордамызда болып жатқан игі шаралардың нәтижесімен, шығармашылық жұмыстармен оқырмандарымызды хабардар ете отырып, тығыз байланыста ұстау. «Шабыт» журналының кезекті санынан рухани азық пен тәрбиелік маңызы бар мағыналы жұмыстармен таныс боласыздар деген сенімдеміз. Шығармашылық жолда жүрген әр өнерпаздың қуанышын дүйім жұртқа жеткізіп, хабардар етуге әрдайым дайынбыз.

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім Көпбайқызы

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мейрамов Т.У. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Нөгербек Б.Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан
Тілшілер: Қуат Ежембек
Балжан Бекмағамбет
Мирас Әбіл
Александра Поршнева
Камила Габдрашитова
Евгений Лумпов
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



МАЗМҰНЫ

Оқшау сөз

4-5 бет



Мәдени жаңалықтар

6-7 бет



Ұсыныс хат

8-9 бет



Кеше, бүгін, ертең

10 бет



Қиял көкжиегі

11 бет



Сәгі түскен сұхбат

12 бет



Өлең өрнегі

13 бет



Әдеби әлем

14 бет



Университет тынысынан

15 бет



Өнер өрісі

16-17 бет



Студент өмірінен

18 бет



ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ...

Наурыз айы - күт береке, ырыс пен молшылықтың мейрамы деп түркі елдері бекер айтпаса керек-ті. Өз наурыз Қазақ Ұлттық Өнер Университеті үшін де берекелі ай болғанын айта кетуді жөн көрдік. Себебі, наурыз айының 13-17 жұлдызында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің бастамасымен Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясында Жоғары оқу орындары арасындағы студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасы ұйымдастырылды. Аталмыш олимпиадаға өнер ордамыздың да студенттері ат салысып, қанжығаларын майлап, елордамызға жеңіспен оралғандар да болды. Мәселен, «Режиссура» мамандығы бойынша I дәрежелі орынмен өзіміздің Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері - Ю.И. Ханинга-Бекназар шеберханасынан Ертілес Ерзия, ҚР еңбек сіңірген қайраткер, профессор - Л.А.Бекназар-Ханинга шеберханасынан Қамзин Еркеұлан, Шайсұлтанов Асланбек, ҚР Халық артисі, профессор - Т.У.Мейрамов шеберханасынан Сұлтанова Айым, Иман Жәнібек марапатталса, II дәрежелі орынмен ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор - Ю.И. Ханинга-Бекназар шеберханасынан - Величко Екатерина, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, доцент - Ә.Т.Оразбеков шеберханасынан (Мәдениет қайраткері, аға оқытушы - Абдықадыр Қашқабай) - Амандықов Армат, Жұмабекова Айжан лайықты деп танылып, жүлделі оралды! Енді міне, сол жеңістің ізін суытпай Өнертану кафедрасының студенттері де қатысып, олжалы оралды. Белгілі театр сыншысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері Ә.Т.Сығай шеберханасынан «театртану» мамандығының III курс студенті II дәрежелі орынмен оралған Бекмағамбетова Балжанмен сұхбат құрған едік.

- Балжан, жүлделі орының құтты болсын! Өнер сайысы қандай деңгейде өтті? Алған әсерің жайында сыр бөлісе отырсаң?

- Рахмет. Аталмыш республикалық олимпиадаға қатысушылардың тізімінде екенімді естіген күннен, қызу дайындыққа кірістім. Әлемдік және қазақ театр өнерінің тарихы туралы жинақтаған білімімді қорытып, заманауи театрлық процестердің өзекті мәселелеріне көз жүгіртіп, олар туралы жан-жақты мәліметтерді зерттеп-зерделедім. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі және Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының бастамасымен Алматы қаласында өткізілген республикалық пәндік олимпиадада «театртану» бөлімі бойынша 10 студент болып сайысқа түстік. Жазбаша жұмысқа ұсынылған тақырыптардың ішінен спектакльге рецензия жазуды тандап алдым, көрген қойылымдардың ішіндегі таяуда премьерасы өткен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әлімбек Оразбеков сахналаған Жан Ануйдің «Жалын жұтқан Жанна Д'Арк» қойылымы туралы жазуды жөн көрдім. Қазылар алқасының шешімімен II орынды еншіледім. Мені театр өнеріне баулып, төлім беріп жатқан ұлағатты ұстазым, профессор - Сығай Әшірбек Төребайұлына, театртанушы Сұлтанова Жаңагүл Сердәліқызы мен Қадыралиева Айзат ұстаздарыма алғыс білдіремін!



Мирас Әбіл



ӨНЕР ЖАСТАРЫ «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАМЕН БІРГЕ

Біздің қоғамда өткен «РИО + 20» Саммитінен кейін «жасыл» экономика деген тіркес кенінен қолданыла бастады. Әрине, қоғам болғаннан кейін әркім бұл сөзді әрқалай түсінетіні анық. Бірі бұл елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары деп түсінсе, басқалары бұл сөзді табиғатқа көмектесуге бағытталған жаңа экожүйенің өзіндік түрі деп есептейді. Бұл ойлардың барлығы да «жасыл» экономика тіркесіне сай келеді. Алайда, менің ойымша, қоғамға бұл сөздің мағынасын айқындап, оны кеңінен таратқаны жақсы болар еді. Мысалы, жастар арасында көбірек тренингтер, ашық дебеттар, пікір таластар жүргізілсе, біз жастар болашақты өзіміз жасайтынымызды ұмытпас едік. Түрлі сенбіліктер жасау арқылы қаламызды қоқыстан тазартсақ, ағаштар отырғызу арқылы экологиялық таза қала боларымыз анық.

Ал енді біз өз мамандығымыз арқылы қоғамға қандай пайдамызды тигіземіз деген сауал тұру керек. Мен болашақ музыка пәнінің мұғалімі ретінде «жасыл» экономикаға қандай үлесімді қосамын деген сұрақтар қойғанымда, ең әуелі «мен ұстазбын» деген сөз қайта қайта ойыма орала береді. Мен балаларға сабақ беру арқылы келешек ұрпақты тәрбиелейтінім анық. Сондықтан да сабағымда оларға «жасыл» экономика тіркесінің сөзінің мағынасын айтып, онда қандай бағыттар бар екенін түсіндіріп отырсам, олардың бойында да ойында да бұл тіркес туралы ұғым қалыптасады. Болашақта оларға табиғат туралы әндер үйрету арқылы да олардың бойында табиғатқа деген махаббаты оянады.

Мен болашақ мұғалім ғана емес, өнер саласында жұмыс жасаймын. Енді өнер адамдары бұл экономикаға қандай үлес қосады деген сауалға жауап іздесек, өнер адамдары қарапайым халыққа үлгі болып, мәдениет арқылы халыққа үлгі көрсетуі керек. Осы орайда біздің өнер ордамыз бұл бастамада ерекше үлес қосып жатырмыз деп айта аламын. Мысалы, өнер ордасы түрлі шараларға қатысуда. Атап айтсақ, жақында ғана біздің Қазақ Ұлттық Өнер университетінде жастар сайлауы болып өтті. Студенттер өз бағдарламаларында жасыл экономикаға қандай үлес қоса алатынын көрсете алды. Отандық мәдениетті дамытуда осы тұрғыда бұл бастамалардың басында жүрген біздің ректор Айман Қожабекқызы Мусахаджаеваны ерекше атап өткен жөн. Ол тек қана мәдениетті ғана дамытып қана қоймай, бізге болашақ жастарға үлгі болып келе жатыр.

Тағы мысал келтірсем, менің есіме бір жайт түсіп отыр. Мен колледж қабырғасында білім алып жүрген кезімде әлі күнге дейін есімде фортепианодан беретін ұстазымыз, Мәдениет қайраткері Владимир Михайлович Татульян қысы-жазы велосипедпен жүретін. Таң азанымен үй-үйді аралап газет таратса, екінші жағынан жаттығумен айналысатын. Бұның өзіне де қоғамға деген қанша пайда әкелетіні даусыз. Әрі газет тарату хобби екінші жағынан қосымша табыс көзі. Осындай азаматтарымыздың бойында осындай кішкене үлес болса еліміздің көркейетіні анық. Иә, бұл бағытқа көшу оңай шаруа емес және осы бағытқа көшу үшін біраз уақыт қажет. Күнделікті күйбең тіршіліктің қамын ғана ойлап жүрмей әлем кеңістігі жағдайын жасау жолы өзіміздің қолымызда екенін ұмытпауымыз керек. Таза ауамен тыныстап, таза су ішіп, химикатсыз ас ішкенге не жетсін!

Мен өз ойымды заңғар жазушы М.Әуезовтың ойымен қорытындылағым келіп отыр: «Қай істің болсын өнуінде үш шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек». Сол үшін жұмыла көтеріп, жақсы қадамдарға барайық, достар!





ЖАС РЕЖИССЕРДІҢ ЖАҢА ҚАДАМДАРЫ

Жуырда сәуір айының 3 жұлдызында Қазақ Ұлттық Өнер университетінің «Шопен» атындағы кіші концерт залында белгілі жазушы-қаламгер, Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанованың кезекті шығармаларының бірі «Шатыр астындағы Мен» трагикомедиясы сахналанды. Жас та болса, өз ісіне жауапкершілікпен қараған, қойылымның қоюшы режиссері Балтабек Нұрғалиев бұл шығарманы өзінше түрлендірген, өзіндік қолтаңбасын енгізген. Алдымен, шығарма жайлы біраз сөз өрбітсек. Автордың бұл туындысы шамамен алты жыл бұрын дүниеге келген. Әдеби зерттеушілерден де өзіне тиісті бағасын алып, тіпті дерлік Мемлекеттік грантты жөніп алған. Пьесада көптеген мемлекеттік қызметтерде орын алатын оқиғалар жайлы баян етіледі. Мәселен, қалың бұқара халықпен етене араласпай, өз істеріне бейқам, жауапкершілікпен қарамайтын, компьютер басты кеңсе қызметкерлері жайлы көрсетілсе, олардың бір-бірлерін күндеуі, жала жауып, жалған сөйлеу сынды кереғар көріністер орын алады. Иә, осындай айтар ойы өткір, замана кемшіліктерін бейнелейтін шығармаларды кейбір режиссерлер сахнаға шығаруға жүрексініп, бата алмай, қашқақтайтындары да шындық. Алматыдағы өнер академиясынан енді ғана түлеп ұшқан Балтабек режиссердің жасаған бұл қадамы ерекше болды. Тағы баса айта кететін жәйт, сахнада өнер көрсетіп жүрген актерлер арнайы актерлік оқуды бітірмеген қарапайым студенттер. Кәсіби актер болмаса да, бар мүмкіндіктерін аянып қалмай, тырысып-ақ баққандары рас. Арнайы оқу оқымаса да, талантын қай жерде болсын көрсетуге болатынын Алматыдағы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық университеттің студенттері бір дәлелдегендей болды.

Жас режиссер сахналаған туындыны тамашалауға едәуір көрермен жиналып, Балтабектің жасаған жұмысына көңілдері толып қайтқандары рас.

Өткір шығармалар ешқашан өзектілігін жоғалтпайтыны айдан анық. Басқа режиссерлер осы іспетті пьесаларды сахнада шынайы түрде көрсетсе екен деген игі тілектеміз. Ал, біз Балтабекке әрдайым шығармашылық шабыт тілей отырып, жаңа басқан қадамы құтты болсын демекпіз!



Шығарма авторы: Р.Мұқанова мен
қоюшы режиссер: Б.Нұрғалиев



спектакльден көрініс

фотоны әзірлеген: Д.Аяған

3.04. Қазақ Ұлттық Өнер университетінің «Ф.Шопен» атындағы кіші концерт залында, белгілі жазушы-қаламгер, Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері Р. Мұқанованың «Шатыр астындағы Мен» трагикомедиясын, жас режиссер Б. Нұрғалиев сахналады. Қойылымда Алматыдағы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық университетінің студенттері өнер көрсетті.

9.04. С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінде, «Жастар жалыны 2014» аты жас ақындардың жарысы өтті. «Театртану» мамандығының III курс студенттері М. Әбіл мен Қ. Ежембеков және де «Деректі кино режиссері» мамандығының III курс студенті Е. Лумпов сынды ақын жігіттеріміз осы сайыста оқу ордамыздың намысын қорғап барды.



9.04-16.04. Қостанай облыстық І. Омаров атындағы драма театры Астана қаласына гастрольдік сапармен келді. Е. Төлеубай «Боздаған бойдақтар», «Сергей Есенин», «Мәриям-Ілияс», Р. Куни «№ 13», Қазығұл «Абай», «Міржақып», Ж. Әлмашұлы «Мұнмен алысқан адам», У. Шекспир «Гамлет», М. Байжиев «Тіл табысқандар» сынды әр түрлі жанрдағы қойылымдар мен М. Машаду «Бразилия байлығы», Е. Төлеубай «Ақыл мен алтын» секілді ертегілерді көпшілік назарына ұсынды.

11.04.,13.04. «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрында италияның ұлы композиторы Джакомо Пуччинидің «Богема» операсының тұсаукесері болды.

11.04.,13.04. Елордамызда XXIII «Жас қанат» республикалық жас орындаушылардың жарысы өтті. Сайыскерлер өнер ордамызға ат басын тіреп, университет тынысымен танысып, өнерпаздар ұсынған әдемі кештің куәсі болды.

15.04. Белгілі жазушы-драматург, Қ.Р Мемлекеттік сыйлығының иегері Д. Исабековтың қаламынан туған «Өкпек жолаушы» пьесасы Лондон қаласында ағылшын тілінде сахналанды.

17.04. Қазақ Ұлттық Өнер университетінде «Ес-аймақ» студенттердің мәдени-танымдық пікірталас бірлестігінің кезекті отырысы өтті. Кеш қонағы Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері, журналист-жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахманов болды.

21.04. Астанаға Жамбыл облыстық орыс драма театры И. Вовнянконың «Кентавры Турана» атты символикалық драмасымен келді. Қойылымның қоюшы-режиссері Қ. Қасымов, қоюшы-суретші В. Сизинцев, балетмейстер В. Малетина.



Арман Айтжан

ҚОСТАНАЙ ТЕАТРЫ ЕЛОРДАДА!

Сәуір айының 9 мен 16 аралығында Астана жұртшылығына Қостанай өңірінен қонақтар келді. Қарапайым жандар емес, өмірлерін өнер өрнегімен тоқып, көрермендердің ықыласына бөленіп үлгергендер. Театр атты қара шаңырақты мекен етіп, өнер атты құдіретті серік еткендер. Бұл мәдениет пен өнер айдынында жүрген өнерпаздардың барлығына ортақ, таныс сезім шығар. Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театры гастрольдік сапармен келген еді. Облыстық театрдың, режиссер мен актерлердің шеберлігін көріп-білуімізге үлкен мүмкіндік туды. Әрине, тек көрермен ретінде ғана емес, болашақ маман ретінде де облыстық өнер ордасының тыныс - тіршілігінен хабардар болғанмыз анық. Театрдың репертуарымен танысуымызға жол салынды. Үстіміздегі айдың 9-шы жұлдызы театр шымалдығы Қазығұлдың «Абай» трагедиясымен ашылды. Келесі күндері көрермендер назарына «Боздаған бойдақтар», «Мұнмен алысқан адам», «Тіл табысқандар», «№13», «Міржақып», «Гамлет», «Сергей Есенин», «Мәриям - Ілияс», «Бразилия байлығы», «Ақыл мен алтын» сынды әр түрлі жанрдағы қойылымдарымен қатар балаларға арналған ертегілер ұсынылған болатын. Жалпы, Қостанай театрының спектакльдеріне біраз көпшілік жиналды. Елорданың тұрғындары мен қонақтары Ілияс Омаров атындағы театр ұжымының шығармашылық шабытына, актерлік шеберліктеріне көзайым болды. Облыстық театрлардың осындай сапарларға жиі келіп тұрғаны жақсы іс, қандайда бір себептерге байланысты жиналмай, өнер алмасу үшін бас қосу игі істің бастамасы екені хақ. Өнердің биігінен, көрермен жүрегінен орын алуларыңызға тілектеспіз!



Ләмбек Гүлназ



БІЗ СОҢҒЫМЫЗ БА...

(мақала ұсыныс)

Қазір қандай өнер саласында болмасын, «жаңа тақырып жоқтың қасы...» сын пікірлер көбейіп кеткені рас. Мен бұл пікірмен толық келіспеймін. Біздің бүгінгі күнделікті өмірімізде үлкен орын алып жатса да, тиісті дәрежесінде не бұқаралық ақпарат құралдарында, не шығармашылық өрісте көрініс таппай жатқан тақырып баршылық. Солардың бірін мен өзіміздің «Шабьт» шаңырағында оқып жүрген болашақ драматургтер мен режиссерларға ұсынбақпын.

Шамамен 15 жыл бұрын «электроника кезеңі» деп атауға келетін ғасыр да емес, тұтастай бір мыңжылдық, бүтін бір дәуір басталған тұғын. Бүгінгі «Нетбук» сынды ықшам компьютерден бастап, ең жаңа планшетке дейін қаншама ақпараттық-техникалық жаңалықтар бізді өз сан алуандығымен жылдан жылға қуантып келуде. Тіпті, кеше жақын ғана таңсық болған «интернет» деген ұғым бүгінде «микротолқынды пеш» немесе «теледидар» сияқты үйреншікті заттардың бірі болып кетті. Қазіргі таңда, осындай өмір сүрудің формасының көбінесе жағымды жақтарын атайды. Ол ең алдымен, жылдамдық пен қолдану қолайлығы. Алайда, бұл біз ойлағаннан немесе ойлағымыз келгеннен әлдеқайда терең өрі нәзік мәселенің екінші тұсы да бар. Кез келген құрал (әсіресе бүгінгі жаһандану аясындағы қуатты ақпараттық-электронды жүйе) өткір пышпақ іспеттес. Оны сақ пайдаланбаса қауіп туғызуы мүмкін.

Менің айтқым келгені, өнерде болсын, баспада болсын әділетсіз түрде назардан тыс қалып жатқан бір тарихи ақиқат бар. Ол 1990-шы жж. бірінші жартысында Қазақстанда туылған ұрпақтың (жаһандық үрдіске ілескен елдер арасындағы) «электронды емес» дәуірді көріп үлгерген «соңғы буын» екендігі. Неліктен осы маңызды жайт өнер саласында толыққанды шығармалар мен тың идеялар ретінде көрініс таппай жатыр? Сюжеттердің көбісі таза мелодрамалық немесе «батыстық» үлгідегі экшн сарынына еліктеу бағытында болып тұр.

Құрдастарым еске түсірсе, біздің балалық шақ әлдеқайда табиғи және баянды еді. Осыдан 15-20 жыл бұрынғы есік алдар ине шаншар жері жоқ автотұрақтан гөрі саялы баққа немесе балабақша алаңқайына көбірек ұқсас болатын. Ол кездің жастары қазіргідегідей ғаламтордағы дайын өнімді ойланбастан көшіре салмай, қажетті ақпаратты сөредегі оқулықтардан зейін сала іздеуші еді. Ал рухани азықты 100-ден астам «коммерциялық» арнасы бар теледидардан емес, көбінесе ата-анасы сақтаған көркем әдебиеттен іздеуші еді. Жалқылыққа және «қанішерлікке» баулыған виртуалды ойындардың орнына таза ауадағы салауатты ойындар мен үстелде ойнайтын интеллектуалды ойындар пайдалы да қызықты еді. Әрі ұжымда қарым-қатынас жасауға және достыққа тәрбиелеуші еді. Уақыт-сағатымен ғана бағдарламалар көрсететін бар-жоғы 5 арнада бір күнде бір рет кеңестік болса да, «мейірімді» мультфильм көрсетуші еді. Ешқандай «ұсқынсыз әрі ақымақ теңіз өсімдіктерін» кейіпкер етіп алған шетелдің 24 сағаттық арналары әлі жоқ болатын. Бос уақытта және мерекелерде ата-әжеге, туыстарға және барлық көршілерге қонаққа немесе солармен бірге қыдыруға бару сияқты жақсы «дәстүрлер» болатын. Міне, осындай «виртуалды емес» өмір болған кезең, сол кезде болған адамдар неліктен бүгінгі өнерден тақырып ретінде әлі толық табылмай жатыр?..

Ең бастысы, ол кезде адамның (әсіресе, жастар мен балалардың) жеке уақыты мен кеңістігі, назары мен қызығушылығы өзінің ғана «меншігі» іспеттес болатын. Ал қазір сол «меншіктің» көп бөлігін электрондық-ақпараттық техникалық құралдар: ұялы телефондар, интернет, әлеуметтік желілер, тым көбейіп кеткен «коммерциялық» телеарналар, айфондар және т.б. ұрлауда. Және бұл мәселе күшеюде. Жарты жыл сайын планшеттің жаңа үлгісі шығады да, бір айдан кейін тура сол өнімнің қытайлық «көшірмесі» көпшілікке қолжетімді бағамен сатыла бастайды. Демек, біздің замандас адамның бейнесі 15 немесе 20 жыл бұрынғы адам бейнесінен гөрі ой-сана, психикалық (тіпті физикалық) және ақпараттық



иммунитет жағынан әлдеқайда әлсіз және қорғансыз болып көрінетіні түсінікті. Осының барлығы болашақ әдеби, драматургиялық, театр немесе кино сюжеттер үшін аса құнарлы өріс.


Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, әзірше бұл мәселені шеше алмасақ та, уақытты артқа жылжыта алмасақ та, лажы болмаса осы шындықтарды негізге ала отырып, өнер туындыларын неге жасамасқа!? Және неғұрлым қызықты, нақты және ерекше жағынан неге осы ойды жеткізбеске!? Тілшілер айтар... ұмытылар. Саясаткерлер айтар... ұмытылар. Өнер адамдары айтар... мәңгі бақи ел есінде қалар!!!



Батырбек Үрістембеков

ОТАНДЫҚ СПОРТШЫЛЫР ТУРАЛЫ ФИЛЬМ ҚАШАН ТУЫНДАМАҚ?

Қазақ кинематографистері алуан тақырыпта фильмдер түсіріп келеді. Осы уақытқа дейін қаншама тарихи фильмдер, драмалар, комедиялар, биографиялық фильмдер туындапты. Олардың тақырыптары сан алуан қоғам бейнесі, өткен өміріміз, тарихи тұлғалар, махаббат, ерлік, достық, тылсым табиғат күші секілді және т.б. тақырыпта фильмдер көптеп туындаған. Бұл дұрыс, дегенмен де біздер отандық спортшылығымыз туралы биографиялық көркем фильмдер түсіруден тыс қалып отырмыз. Жалпы, қазақ киносының мұрағаттарына зер салсақ спортшылар туралы көркем фильм тіпті жоқтың қасы деуге болады. Бүгінде солай. Кешегі Сұлтан Қожықовтың Қажымұқан туралы фильмді еске алайықшы. Атақты палуан ерлігін терең насихаттаған. Бұрмалап отырып әйтеуір піл табан бабамыздың азда болса ғибратты ғұмырын көрсете алды. Бұл фильм шыны керек сәтті шыға қоймады, сондықтан көрермендер аталмыш туындыны тез ұмыт қылған. Дегенмен, бұл фильмнің ерекшелігін біреу білсе, енді біреулер білмейді. Кинокартина алғашқы қазақ спортшысы туралы биографиялық көркем фильм болып есептеледі. Себебі, кино американдық күрес пен француздық күрестің чемпионы болған, аты өлемге әйгілі қазақ палуаны Қажымұқан туралы. Рас, фильмнің басты тақырыбы тек спорт емес, сонымен қатар достық туралы. Солай бола тұра спортқа қатысты фильм санатына жатқыза аламыз. Осы таңда бар мүмкіндік бола тұра, аталмыш тақырыптан шет қалып отырмыз. Себебі, спорт тақырыбында көркем фильмдер бірен-саран. Бұл тақырыпта түсірілген фильм маңыздылығы өте жоғары. Егер мұндай кино картиналар көптеп болса онда өскелең жастарды спортқа қызығар еді. Сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін құнды мағлұмат көздері болып саналары хақ. Себебі, спорт бұл ұлтты, мемлекетті тұтастай таныта алатын, әлемге паш ететін, еліміздің дамуына үлес қоса алатын ауқымды нәрсе. Осының шеңберінде қазақ кинолары неге туындамасқа? Әлемдік киноға келетін болсақ, атақты боксшылар Мұхаммед Али, Майк Тайсон атақты футболшы Мародонна жайлы фильмдер бар. Ресейлік кинематографистер танымал қақпашы Лев Яшин туралы фильм түсіріп жатыр. Одан бөлек ресей спортшыларына арналған «Чемпиондар» фильмі бар. Бұдан да өзге осы тақырыптар төңірегіндегі қаншама туындылар жетіп артылады. Ал бізде кешегі «Алыптар достығы» (Сұлтан Қожықов), бүгінгі «Бекзат» (Ермек Шахмет) фильмдері ғана бар. Спорт тақырыбында басқа көркем суретті фильмдер әлі жоқ. Кешегі Қазақстан таэквондасының негізін салушы Мұстафа Өзтүрік, кеңес кезеңінде қазақтың атын шығарған Серік Қонақбаев, Сидней олимпиадасының алтын тұғырынан көрінген Ермахан Ибрагимов, бүгінгі Илья Ильин секілді саңлақтарымыз туралы тамаша фильмдерді тудыртуға болар еді ғой. Бұлардан бөлек талай чемпиондарымыз да бар емес пе? Сөз соңында болашақ режиссерлер осы мәселе жөнінде ойлана келіп, тыңғылықты дүниелер тудырса деген тілегімізді танытамыз.



Әбдімәлік Жүршібаев



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



Көңілден шыққан көрікті сөз...

Сарырақаның төсіндегі өнер ордасының қара шаңырағы болып саналатын оқу ордамызға еліміздің түкпір-түкпірінен өнер әлемінің ауасымен тыныстап, асқақ армандардың жетегінде талай жас таланттардың жиналатыны хақ. Бүгінде өткенге көз салып қарасак, осыдан төрт жыл бұрын біз де осы алып шаһарға, киелі өнер ордасына алғаш қадамымызды басқан едік. Енді міне, жүрегі жалын, тұла бойы өнерге тұнған жас дарыннан, талапкерден белгілі бір саланың маман иесіне айналғалы отырған жәйіміз бар. Сондықтан сөзіме тиек болып отырған кеше ғана осындай жалынмен, жастықпен, құлшыныспен келген жас таланттар жайында болмақ.

Олар бір ұяның балапандарындай тату өсті. Қызығы мен шыжығы, қалтарыстары мен қиындығы бірге жүретін шығармашылық жолда қуанды, қиналды, жылады, шаттанды... Дегенмен, киелі сахна өнерін жандарына серік еткендіктен еш жағдайға мойымай, бойларындағы барлық қасиеттерін кеңінен ашып, өрістерін кеңейте білді. Күнделікті күйбін тіршіліктің көріністерінен бастап, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайларды ұпгастыра отыра, ақыр соңында классикалық туындылардың шыңын бағындырды. Кешегі мүзбалақ - бүгінгі кәсіби маман - ертеңгі қазақ мәдениетінің қарқын алуына септігін тигізетін бір кірпіші болып қаланбақ. Мұндай тұжырымға келуіме олардың мамандықтарына деген шексіз сүйіспеншіліктері, пәк махаббаттары, қажырлы еңбектері, ілім мен білім жолындағы тынымсыз талпыныстары мен үздіксіз ізденістері ықпал етті. Әрине, бұл өзімізбен қатарлас жүрін, студенттік өмірдің қызықты сәттерін бірге өткізген, бойымызға жиған-терген білімдерімізбен бірге бөлісетін, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Лейла Бекназар-Ханинаның курсы драмалық актер мамандығының IV курс студенттері. Нақтырақ айтқанда, А.Жарбеков, А.Жұмабаев, А.Сырбекова, Ж.Әлиманова, А.Рахым, А.Шайсұлтанов, Е.Әубәкіров, А.Танабаева, Е.Хамзин, Е.Төлеуов, А.Тұрысбекова, А.Серкебаева, Н.Қыдырбеков сынды дарынды бойжеткен мен жігіттер қатырынан тұрады. Аталмыш топ университет қабырғасында ұстаздарының көмегімен кішігірім этюдтен бастап, бүгінде дипломдық жұмысқа драматург М.Әуезовтің «Қара Қыпшақ - Қобыланды» атты екі перделі қаһармандық драмасын дайындап шықты (қоюшы реж. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Лейла Бекназар-Ханинга). Театр күні мерекесіне орай ұйымдастырылып, сахналанған қойылымға көпшілікпен бірге бізде барып, куәгері болып қайттық. Кеш соңында арнайы қонақтар пікірлерін білдіріп, студенттер тарапына ізгі лебіздерін, ескертпелерін де білдірді. Жанып тұрған жастардың еңбегін тамашалаған сол бір күннің кей сәттерінен оқырмандарымызды да хабардар етуге асықтық.

Серік Еркімбеков: Әжірбайжан Мәдиұлына арналып қойылған бұл қойылым жоғары деңгейде өтті. Қойылым барысында әр студент өзінің актерлік шеберліктерін жетік көрсете білді. Жарайсындар! Бұл жерде пластика да, актерлік ойын да жақсы ашылған. Мұндай қойылымды біз кез келген фестивальдерге апарып, ұялмай көрсете аламыз. Балетмейстермен түшымды жұмыс жасағансындар. Әрине, біраз костюм жағынан ақаулар бар. Соны қолға алу керек. Бұл істі аяғына дейін жүзеге асыру керек. Жарайсындар! Бүгінгі жетістіктеріңізбен мен сіздерді шын жүрегімнен құттықтаймын!

Құралай Есмұратова: Тарихқа көз жүгіртсек, алпысыншы жылдары «Қара Қыпшақ - Қобыланды» қойылымын дарынды режиссер Әжірбайжан Мәмбетов сахналаған еді. Ол кезде біз өрімдей-өрімдей жастармыз. Спектакль барысында көпшілік көрінісіне қатысқанымызға қуанып, Әжірбайжан Мәдиұлының қойылым барысында құлағымызға құйған әр сөзі бүгінде есімізде. Сондықтан да қандай ең бірінші сіздердің жетекшілеріңізге, қойылымның режиссеріне алғысымды білдіремін! Құрметті, достар! Біз сіздердің мұндай талпыныстарыңызбен әлі де талай өнер шындарын бағындырасыздар деген сенімдеміз! Болашақ сахна сардары, ақтаңгер актерлер қатары сіздердің орталарыңыздан шықпасына кім кепіл! Сәттілік!

Гүлім Көпбайқызы



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ

11

Оқырман назарына «операторлық өнер»
мамандығының I курс студенті
Досжан Аяғанның жұмыстарын
ұсынамыз.



Гипс

Тұманды Астана



Балықшы



Көпір



КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



«БАБАЛАР ӨНЕРІ БӘРІМІЗГЕ АМАНАТ...»

Анығында Алаш жұрты көнеден қасиетті қара домбыраны жанына серік еткенін айтпасақ та өу бастан әмбеге аян. Домбыраның көмейінен төгілген небір күйлер мағынасына байланысты ішкі әлемінді шуаққа бөлеп қана қоймай, қажет кезінде толқытады, мұңайтады, тебірентеді, жаңа серпін беріп шаттыққа бөлейді. Қазақ халқын домбырасыз, ал домбыраны қазақсыз елестету мүмкін бе? Әрине жоқ. Ұлт өнерін ұлағаттап, төл аспаптың қадір қасиетін мейлінше жас ұрпаққа ұғындырып кеткен бабаларымыз аз емес. Соның бірі дарынды күйші Қазанғап Тілепбергенұлы.

Тау тұлғаның күйлерінде еліміздің өткен тарихы мен бүгінгі һәм болашағы жайында сыр шертіледі. «Күй шақырғыш ақжелең», «Домалатпай», «Құс қайтару», «Ноғайлы босқыны», «Жұртта қалған», «Окоп», «Қызыл керуен», «Майда қоңыр», «Өтті-ау дүние», «Көкіл» сынды туындылары мәңгі жадымызда қалып, санамызда

сақталатыны хақ. Осындай заңғар адамның 160 жылдық мерейтойының қарсаңына орай Домбыра кафедрасының доценті, «Алтын домбыра иегері», Республикалық конкурстардың лауреаты күйші Басығараев Еділ Бақытұлымен сұхбаттасқан едік.

- Еділ аға, жуырда сіз қаймана қазақтың мақтанышы Қазанғап өнерін насихаттау ниетімен батыс Қазақстан обылысы, Ақтөбе қаласына барғаныңыздан хабардар болдық. Енді сол жайында толығырақ айтып өтсеңіз.

- Иә, халық күйшісі Қазанғаптың 160 жылдығына орай сәуір айының 6-11 аралығында Ақтөбе қаласына барып, алғашқы күндердің бірінде А.Қ. Жұбанов атындағы музыкалық колледжінде өнер сүйер қауыммен кездесу жасап, концерт бердім. Содан кейін 2012 жылы жарыққа шығуына септігім тиген Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Қазанғаптанушы, дәстүрлі күйші Бақыт Басығараевтің «Толқында» деп аталатын күйлер жинағы кітабын және өзінің жеке орындауындағы «Аманғосым аман бол» атты үн таспаны оқу ордасының кітапханасына сыйға бердім. Б.Басығараев Қазанғап өнерін зерттеуші болғандықтан үн таспа да 28 күй болса, соның 20-ға жуығы Қазанғап Тілепбергенұлының туындылары. Сондықтан да бұл еңбектер кез келген өнерпаз үшін құнды болмақ. Ал ертесінде жергілікті жердің «Рика» каналынан ерте азанда берілетін «Арайлы тан» бағдарламасына тікелей эфирге шығып, күйлер тартып, көрермендердің сұрағына жауап бердім. Бұдан босағаннан соң Қазанғап атындағы музыкалық мектепке барып оқушыларға лекция-концерт өткіздім. Артынан «Ақтөбе Қазақстан» каналы арқылы берілетін «Сәті түскен сұхбат», сондай-ақ, «Инжу - маржан» бағдарламаларына катысып онда дүйім жұрт тарапынан Қазанғап өнеріне катысты қойылған сауалдарға жауап берумен қатар ардақты адамның күйлерін тарттым.

- Жалпы ұлы Қазанғаптың өнеріне деген Ақтөбеліктердің қызығушылығы қай деңгейде көрінді?

- Ағымнан жарыла шындығымды айтайын. Өте жоғары деңгейде деп ойлаймын. Себебі оның шығармашылығына байланысты сөз қозғалған жағдай да жиналған жұрт мұқият тындаудан бас тартпады. Әрбір шертілген күйден кейін барлығы аямай қол соғып жатты. Бұның өзі көңілді қуантарлықтай жайт емес пе? Қазанғаптың ғұмырына байланысты шежірелі қарттар Жұмабай Жансүгіров, Бақи Төңірбергенұлы, Жанаберген Әлбетов, Әбілахим Шаншаров сынды күйшілермен жолыққаным да бар. Олардың білгендері де көп екен. Көкейде жүрген біраз сұрақтарымды қойып әлгі кісілерден шешімін алдым.

- Әңгімемізді әрі қарай жалғасақ. Халық күйшісінің 160 жылдығы оқу ордамыз яғни, Қазақ ұлттық өнер университетінде дәріптеле ме?

- Әрине. Бұл жер нағыз өнердің ордасы болғандықтан оны айналып өту тіпті мүмкін емес. 22-ші сәуір күні сағат 17.00 де Ф. Шопен залында дара тұлғаның шығармашылығы төңірегінде «Көкейге түскен көкілжан» атты лекция-концерт өтпек. Оның маңызы әрбір маман үшін зор деп білемін. Өйткені дана халқымыз «Білгенге маржан» демей ме? Бір адам тағылым концерттен бір ізгі ой алса, ол өзінің жеңісі болмақ. Шын мәнінде бабалар өнері бәрімізге аманат қой.

- Өнегелі өнеріміз өркендей берсін дей келе, сыр бөлісіп сұхбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіремін.



Қуат Ежембек



ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

Сүт сәулеге шомылдырып маңайды,
Аспанымда томсырайып ай тұрды,
Жарға соғып быт-шыт болған бір толқын,
Бас көтеріп ентелеп кеп қайта ұрды.

Қайта соқты, бытырадай шашылды,
Жүрек шіркін шыдамады күйікке,
Тұңғықтың иесі сол демесең,
Ол-дағы бір құмар еді биікке.

Тәңірі Айға жаратыпты құмар ғып,
Амал қанпа, жете алмады, қашық тым,
Ақ сәулесін мойынына тұмар ғып
Тағатұғын, нұрына оның ғашық-тын.

Тәңірім оны үмітінен айырма,
Үміт өшпей қайрат қайтін тоналар,
Ару айға ғашықтығы сөнген күн,
Асау толқын құмға сіңіп жоғалар.

* * *

Ақ сүңгі құрсап орманды,
Жамылды дала ақ мамық,
Ақ қанат ұлпа бейне бір
Үгіліп түскен ақша бұлт.

Кірпікке қонып дір етті,
Үңілді үнсіз жанарға,
Жүректе қатқан шер-нала
Жас болып қайта тамар ма...

Аспан да аппақ, жер де аппақ,
Тұтасып алды дүние,
Үскірік аяз кербаққан
Балқымай қойды күйіме.

Бақсыдай жынын шақырған
Ақ түтек боран ойнады.
Сақылдап күліп сары аяз
Жыламасыма қоймады.

Сен жайлы ойлар аяздай
Бағады менің жаныма,
Көзімнен аққан тамшы жас
Мүз болып қатты тағы да...

Сырымды айтпаймын мен саған,
Бастасам бітпейтін әңгіме
Дөңгелек дейді ғой жер шары,
Ешқапан кездеспес біз үшін
Ол, сірә, мәнді ме....

Білмеймін,
Жолымыз бөлек пе? бірге ме?
Қосынды тігіп ең іргеге...
Ақ боран соққанда, жел ұлыш
Қаңбақша көтеріп біздерді
Әкетті, бөліндік мәңгіге...

Айырылды
жолымыз, бөп-бөлек.
Әттең-ай...

Бояуын уақыт тонаған,
Суреттей сезімдер мендегі
Сен емес, басқаға көп керек....
Мейлің күй, мейлің күл дертіме
Жылайсың балақай текке деп.
Сен кеткен шығарсың жек көріп,
Мен жүрмін өмірге өкпелеп...

* * *

Қоңыр күзде қаңқылдайды қоңыр қаз,
Қоңыр айдын көз жасындай толқиды,
Көл бетінде күн нұрымен жарысып,
Қоңыр, күрең, қызыл сәуле шоршиды

Қоңыр, күрең, қызыл сәуле жер бетін
Аралайды, көміледі нұрға әлем,
Анадайда бала бұлақ көкшілтім,
Қоңырайып жүгіреді жылғамен.

Жирен сакал, сары жүзді, ескі шал,
Күрең шайды көп ішетін сіміріп,
Қоңыр күйді ұзақ-ұзақ тартады,
Бүкір белі онан ары бүгіліп.

Бозінгендей боздақ үні жер жарып,
Жүрегімді жылатады күй мұңлы,
Ұйқысызбын, тіршілікті тынымсыз
Тәңір өзі сый қылды.

Өткенімді есіме алып күбірлеп,
Отырамын, бәлкім мені жын ұрған?!
Қоңыр өлең оқымасаң өзің кеп,
Қу тіршілік жалықтырды құбылған.





(басы өткен санда)

ЖАСЫН

Француа үнсіз. Бұрышта Мағжанға сұқтана қарап отыр. Мағжанның жаза алмай, сезімі абдырап отырғанын да байқап қалған сыңайлы. Жай ғана орнынан тұрып, үстел жиектеп Мағжанның жанына келді. Ақынның жазып отырған дәптеріне көз жүгіртіп жымысып қана күлді де:

- Мағжан дос мынаны басқаша жазып көрші, мысалға былай, - деп зуылдай өлең оқи бастады. Мағжан ілесіп жазумен әлек. Санаулы уақытта Француа күрт тоқтады да, манағы отырған жеріне барып тағы да үнсіз қалды. Мағжан аң-таң. Француаның айтуымен жазған жолдарына тағы бір көз жүгіртті. Оқып шыққаны сол-ақ еді, Француаға жалт қарап:

- Қайдан алдың? Шыныңды айт.

- Ешқайдан. Өзім шығардым.

-Түк түсінсем бұйырмасын Француа. Бұл не мазақ, досым болсаң да, өзге ұлт өкілі, тамырында қазақтың қаны ақпаған сенің менен тәуір жазатып болғаның ба? Қалай? Ойың әлдеқайда озық қой.

- Мағжан көңіліңе алма. Мен кейде осылай шабыттанып кетемін. Менің айтқан шумақтарымды өз атыңнан газет беттеріне бастыра бер. Еш қарсылығым жоқ, керісінше қуанар едім. Соған қоса маған өлең жариялауға қатаң тыйым салынған. Жағдайды өзің түсінесің, ары қарай сұрама. Өтініш.

Болған жағдай Мағжанның санасын бір төңкеріп тастады. Не істеп, не қойғанын білмей ессіз әлгі керемет өлең шумақтарын оқи берді, оқи берді. Не болса да редакцияға апарып өз атынан жариялауды жөн көрді Мағжан. Редакция мүшелері өлеңді қуана басқандай, газет шыққан күні Уфа жұрты Мағжан ақынды мойындағандай. Көпше жұртшылығының қолында Мағжан өлеңі басылған газет, у-шу.

Үй іші. Тағы да Француа Мағжанға кезекті өлеңін оқып тұр. Француаның көмегімен көптеген өлеңдер жазылған-ды. Мағжан ақынның есімі ел ауызында. Көпше бойлап екеуі тағы серуендеп келеді. Баяғы қарас тағы сол. Жұрттың бәрі Мағжанға сұстана қарайтындай.

- Тағы не болды мыналарға Құдай-ай-деумен келеді Мағжан.

- Негізінде Мағжан, саған абайлау керек сияқты. Сырт құлақтан естуімше «Үш жүз» партиясының жалған айыптауымен сені Кеңес сақшылары андып жүр дейді, сақ жүр бауырым. Жалған айыптың соңы, жаза.

Осыдан кейін Мағжан далаға себепсіз шығудан қалды. Есік ашылса да, бейтаныс адамдарды көрсе де жүрегі еріксіз дүре соға берді. Бүгін Мағжанды «Алаш» алқа мүшелері жиналысқа шақырды. Көшеде Мағжан қалың ойға батып, көше бойы ырғалып барады, артынан үш жігіт андып келеді, ақын жүрегі абдырап, сезді. Көп ұзамай Мағжан жүрісін тездете бастады, соңына түскендер қалатын емес. Жүрегі ауызына тығылған Мағжанның алдынан тағы қара киінген екі жігіт қолын қайыра жерге құлатумен өуре. Қолына кісен тағылды Мағжанның. Ақын жүрегі қонторғайдай құнысып жатыр, жұлысып жатыр сезімі. Жолдың арғы бетінен болған жағдайдың барлығын Француа байқап тұр. Мағжан:

- Досым-ау, неге қимылсыз қадаласың? Көрмей тұрсың ба? Көмектессенші, жанымды жегідей жеп барады мына сұмдық. Француа, Француа! - деп, даланы басына көтеріп айқайлап жатыр ақын. Әлгі кісен таққандар түсініксіз жөйтпен Мағжанды түсініксіз жерге алып келді. Бөлме іші сұр. Орындықтары да, қабырғасы да, едені де сұрмен әктелген. Мағжанның алдына ақ халат киген, мұртты орыс шал кеп отырды. Көзі сұсты. Үрейлі.

- Т-а-а-к Жумабаев Мағжан Бекенович.... Бұл қандай жер, неге келгеніңізді білесіз бе?

- Жалған айып, жалған айып, алдымнан кет, жоғал әрмен! - деп, Мағжан жекіріп отыр.

- Мағжан Бекенович, тс-с-с. Қандай заманда өмір сүретіңіз айқын, қастарыңыздың да достарыңыздан көбі айқын. Олай болса мендей досыңыз тұрғанда неге құлақ түрмеске...м?

- Дос пен қасты айыра алам, қам жеме.

- Мағжан Бекенович, Алаштан да басқа партиялар жетерлік. Десе де Алашқа сұстана қарайтындар да аз емес, ия, ия мен партиялар жағын айтып отырмын...

(жалғасы келесі санда)

Жанат Жайлыбай



ЕДЕННІҢ ЗАРЫ

(қағытпа әңгіме)

